

Опубликовано в
«Азаттық таңын аңсаған Алаш арыстары» атты Алашорда Үкіметінің құрылғанына 100 жыл, Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтың туғанына 130 жыл толуына арналған Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.
Орал-Жымпиты, 15 қыркүйек 2017, б.50-54.

«ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТАҒДЫРЛАР»

Қадырханова А.Қ. ғылыми қызметкер.

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Лисаков Жоғары Тобыл тарихы мен мәдениеті мұражайы» КММ
Қостанай облысы, Лисаков қаласы.

«Біздің мақсатымыз жау іздену емес, болған қасіретті ұмытпау, нақты тарихты білу, оны жазып қалдыру және біздің тұқым-жұрағаттарымыз білу үшін еске алып отыру. Біз әлдекімді немесе тарихты кінәлағымыз келмейді. Біз тек шындықты білгіміз келеді. Шындықты білу арқылы тап сондай нәубат қайталанбас үшін не істеу керек екенін білеміз».

Н.Ә.Назарбаев.

31 мамыр – мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасы төгілген қасіретті тарихи беттерін еске алу күні. Өлгенге иман, өткенге салауат тілейтін бұл күнді 1997 жылдан бері жыл сайын Қазақстанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде аталып келеді. Солақай саясат еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Бұл шындық. Ал, сол бір қасіретті жылдарды есте сақтау бүгінгі және келер ұрпақтың парызы екендігі сөзсіз.

XX ғасырдың осы бір қан кешті жылдары қаншама қазақ ауыр зардап шекті десеңізші. Айталық, ызғарлы - суығы мен қақаған аязы, боранына қарамастан 103 мың адам қудаланып, 27 мыңнан астам адам атылды. Міне, олардың арасында біздің ортамызда жүрген жандардың атасы, ағасы, әкелері бар. Тәуелсіздік алғанға дейін бұл құрбан болған зиялы қауым туралы ауыз ашып айту мүмкін болмаса, қазір құдайға шүкір бұл кісілер мен олардың еңбектері жайлы жазып жатырмыз. Бір туар тұлғалардың ұрпақтарымен кездесіп, жүздесу мүмкіндіктері болғанына шүкіршілік дейміз.

Жыл басына бері қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған шаралар толассыз өтуде. 2017 жылы Алаш партиясының, Алаш ұлттық кеңесі үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуын ғана емес, сонымен қатар Алаш қайраткерлерінің мерейтойларын осынау тарихи жылмен тұспа-тұс атап өтуде. Қыркүйекте Батыс Алашорда жетекшісі, заңгер Жаһанша Досмұхамедовтың 130 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы ұйымдастырылмақ. Осындай шаралардың бірі- біздің Лисаков мұражайы да өткізді. Ұлылар өмірін ұрпаққа үлгі ету мақсатында №3 орта мектебінің 7,8,9-

сынап оқушыларына арналған Алаш ардақтысы, лингвист-ғалым, қазақ тіліндегі тұңғыш математика, геометрия оқулықтарының авторы Елдес Омарұлының 125 жылдығына орай, қайраткер жерлесімізді еске алуға арналған тағылымды кездесу өтті. Еліміз тәуелсіздігіне, халқымыздың рухани дүниесіне қызмет еткен тұлғалардың қайсысын болса да насихаттап, айтып отырмаса, жас ұрпақ одан хабарсыз қалары сөзсіз. №3 қазақ орта мектебінде Елдес Омаровқа арналған кестесуде оқушылар көп мағлұмат алды, тұщымды әңгіме тыңдады. Елдес атамызға арналған аталмыш шарада ең әуелі Алаш автономиясының құрылған күнінен бастап, құлдырауы кезі турасында деректі фильм және «Елім деп еңіреген Елдес» атты тұсаукесер көрсетілді. Сонымен қатар, 30 мамыр күні Лисаков Жоғары Тобыл тарихы мен мәдениеті мұражайында Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Қуғын – сүргін жылдарындағы тағдырлар» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараға қазақ зиялылары, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қуғын-сүргін құрбаны болған Байтоғаев Бәлдік ұрпағы, туған немересі - «Нұр Отан» партиясы ЛҚФ қоғамдық қабылдау бөлмесінің заңгер – кеңесшісі Балдіков Нұрлан Батырханұлы, көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Елдес Омарұлының жиен немересі, зейнеткер Жакенова Қарапа Сүйіншіәліқызы, Лисаков қалалық «Әс-сәләм» мешітінің имамы Рахым Серік Темірбекұлы, №3 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Шолпан Панияз және осы мектептің 8 -сынып оқушылары, мектеп –гимназиясының тарих пәні мұғалімі Мария Баяхметова қатысты. Дөңгелек үстел қуғын-сүргін құрбандарын бір сәт үнсіздікпен еске алумен басталды. Дөңгелек үстелге арнайы қатысқан Байтоғаев Бәлдік ұрпағы Нұрлан Бәлдіков қайраткердің ұрпаққа ой салар, үлгі болар өмірі мен қазақ мемлекеті үшін жасаған ерліктері, қызметі туралы, көпшілік біле бермейтін тарихи оқиғалармен, қоғам қайраткері туралы жазылған кітапты көрсетіп, «Арқаның қараша қазына» деп аталатын атасының сол абақтыда жазған өлеңін оқып берді. Ал, Қарапа Жакенова қатысушыларға өзінің нағашы атасы Қазақ Елінің тәуелсіздік жолындағы азапты сапарында жан аямай күрескен Елдес Омарұлының өмір жолымен бөлісті. Лисаков қалалық «Әс-сәләм» мешітінің имамы Рахым Серік Темірбекұлы бұл күнді ашаршылық күнімен қатар атап өтілуі керектігін үкімет басындағылар көтеріп отырғаны орынды және мұражайда өткізіліп отырған шараның алар орны ерекше екенін, бұл күнді аруақтарға құран бағыштаумен қарсы алуды, біз бүгін Елдес Омаров пен Байтоғаев Бәлдік жайлы оқығанымызбен олардың ұрпақтары қаламызда тұратынын көзбен көріп, ол кісілер жайлы естіп, осы күнге жетіп отырғанымызға қуанымыз керек деген еді. Сонымен қатар, теңдесіз тарихымыздағы бұл кісілер туралы зерттелмеген тұстарын көзі көргендерден сұрап, парақ бетіне түсіріп алуды ұсынды. Қала мектептерінің тарих пәні мұғалімдері, атап айтқанда Шолпан Панияз - бұл қасіретті жылдардың қазақ жері үшін алып келген зардабына тоқталып өтсе, Мария Баяхметова шара ауқымы кең, болашақта қуғын-сүргін құрбандары туралы мұражайда тарихи деректері келтірілген көрме, не болмаса арнайы қойылған жәдігерлер орны жасалса жақсы болар еді, -деген тілегін білдірді.

Шара соңына қарай мұражай басшысы Ермағамбетова Шынар Ерденқызына сөз берілді. Шынар Ерденқызы дөңгелек үстелге қатысушыларға алғысын білдіріп, шақырылған қонақтарға мұражайда жыл сайын өткізілетін өңірлік өлкетану оқуларында ұсынылған зерттеу жұмыстары жинағы басылып шығарылған кітапты табыс етті. Шара басырысында мұражай қорынан Г.Жувакинаның фотоматериалдары бойынша «Карлаг орны және онда тұтқында болғандар», «Елім деп өткен Елдес» компьютерлік тұсаукесер көрсетілді. Кейін дөңгелек үстелге қатысушылар «Қан мен жазылған хат» бейнефильмін көрген де көздерінде еріксіз жаз алды. Шара соңы естелікке суретке түсумен аяқталды. Қаралы күнге арналған шара жоғары деңгейде өтті. Лисаков мұражайы қызметкерлері 2017 - 2018 жылдарға арналған музей мен музей-қорықтарды дамытудың жол картасы бағдарламасы бойынша мұражай қорын толықтыру мақсатында «Музейге сый тарту» акциясын өткізіп отырады. Бүгінгі күні мұражайымыз қоры қуғын - сүргін құрбандары болған Байтоғаев Бәлдік және Елдес Омаров жайлы деректермен толығыны қуантады.

Алашорданың көрнекті қайраткерлерінің бірі, педагог, публицист Елдес Омаров Қостанай уезі, Дамбар болысының екінші ауылында 1892 жылы туған. Алашорда үкіметін құруға бар қажыр-қайратын жұмсаған адамдардың бірі. 1937 жылы атылған. Дамбар болысы қазіргі біздің Лисаков қаласының маңындағы Қоржынкөл кенішіндегі биік томпешікте ескі Қазыбай руының қорымында болса керек. Біз бұл орындарды тауып, ескерткіш орнатуымыз керек деп ойлаймын. Басынан талай қасіретті өткізген қазақ елінің, қазақ болып қалыптасуына, үлкен жол қалдырған ұлы тұлғалар есімдері жазылған ескерткіш –тақта әр жерде болуы керек. Олардың есімдерімен мектеп тұрмақ, көше аттары берілуі қажет. Бұл тұрғыда қазіргі таңда Елдес Омаровтың жиен немересі Қарапа Жакенова талай табалдырықты тоздырып жүр. Белгілі қазақ ақыны, жазушы, драматург,көсемсөзші-журналист Ақылбек Шахметке Елдес Омаров атына Қостанайда ашылып жатқан бір мектепке атын берсе,- деген дөңгелек үстел барсында айтылған естеліктері мен ұсынысын жолдаған. Онда былай делінген:

Жакенова Қарапа

ЕлдесОмаровтың жиен немересі.

Қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы азапты сапарында, қазағым деп тәні өртке шарпылған, алашым деп жанын берген перзентердің бірі-осы біздің нағашымыз Елдес Омарұлы. Бүгін Елдес Омарұлының туғанына 125 жыл толуына арналған «Ер есімді Елдес аға», «Елім деп еңіреген Елдес» атты еске алу кешіне шақырғандарына басымды иіп алғысымды айтамын. Халықтың бір туар перзенті кезінде «Қазақтың Ломоносовы» атанған ғұлама ғалымның өзі және оның бүкіл ғылыми еңбектері тірі кезінде жасырын жабық ұсталып, қудаланып, аяусыз жәбірленген, аянышты өткен өмірін бүгінгі ұрпағының есіне салу өте орынды деп білемін. Біздің анамыз Марияш Омарқызы Елдес Омаровтың туған қарындасы, 1930 жылы дүниеге келген. 1948 жылы қаңтар айында анам әкеме тұрмысқа шыққан, отбасында сегіз бала өстік- үш ұл, бес

қыз, мен үлкенімін. Қазіргі кезде Лисаковск қаласында тұрып жатырмыз. 1977 жылы туған үлкен балама нағашы атасының Елдес деген атын бердік. Анамыз өте зерек адам еді, әттең соғыс болып оқымадым ғой деп өкінетін, оқысам ағамды іздеп тауып алар едім, ол кезде туған- туыстары да «Халық жауы» деген соң Елдестің атын айтуға қорқатынбыз.

Бір-екі сынып оқыса да талай ертегілерді, қиссаларды жатқа айтатын, әңгіме айқанда ұйып тыңдайды едік, адал жан еді, ешкімнің жібін аттамаған кісі. Әкем Сүйіншіәлі екеуі 42 жыл өмір сүрді, әкем оқыған, Семизор орта мектебін 1952 жылы бітірген кезде мен бір жаста әкем, ешкім әйелі барын білмеген, сосын Орал пединститутын үш курсы бітірген мұғалім, кейін (учетчик, помбригадира по учетной работе) де болып істеді, 85 жасында дүние салды, ал анам 60 жасында дүниеден озды, ғұмырының соңғы он жылы аурумен өтті. Ал қазір мен сіздерге Марияш анамның өз аузынан естіген әңгімелерімді айтып беремін. Омар нағашы атамыз оқымысты адам болған, орысша да оқыған, баспадан газет, журналдарды жазып алып отырған, еліне сыйлы болған кісі, күнде тәңертең ауыл балалары Омар атамызға міндетті түрде келіп сәлем береді екен. Сол балалардың бірі - Қайыңдықөл аулында тұрады, аты Бисенбай. Омар атамызда үш ұл, бір қыз бала болған. Елдес, Ескендір, Әбдеш, Марияш. Екі үлкен ұлдарының тегін Омаров деп, ал 1926 жылы туған Әбдаш баласын Тиесов деп жазған. Әке неге олай істеді деп сұрағанда: «Әбдашка зиян келмесін деп, ал сен қызсың саған түкте болмайды» деген еді. Осының зардабынан Абдашты оқытпай қойған. «Оқу оқыған Елдестей ақ болар, содан тапқан жақсылығы қайда» депті. Омар атамыз өмірінің соңғы жылдыры дүниеден безіп, құран оқып отырады екен, құранды өлген туысқандарына бағыштайды екен, шөп қана шабады екен (малдан бір- ақ сиыр болған) бөтен жұмысты әжем істейді дейтін анам. Екінші ұлы өлді дегенді естігенде өмірден баз кешіп кеткен. Екі бірдей ұлының өлгенін есту ауыр тиген болар. Ескендір де кешегі ақ пен қызыл арпаласында шейіт болып кеткен. Әбдаш нағашым 1948 жылдың 18 наурыз күні әскерге барайын деп тұрғанда, кенеттен үш күн ауырып, ішім- ішім деп дүние салған. Қазіргі «аппендицит» екен ғой деп жылайтын анам, дәрігер жоқ, сонымен шешем жалғыз қалған ғой, бірақ құдайға шүкір, балаларым бар ғой деп отыратын, кейде бір сіңілім болса ғой деп те армандайтын. Омар атамыз соғыс кезінде газет оқып, ауылдастарына, соғыс туралы айтып отырған, ал өзі болса көмусіз қалам деп уайымдаған, «Алладан ауыл жігіттері соғысқа кетпей тұрып өлсем» деп сұраған. Сұрағаны қабыл болып, қыркүйек айында 1941 жылы шөп шабуға кетіп, үйге оралмаған, тауып алғанда намаз оқып отырып, сәждегі басың игенде, дүние салған. Әкесі өлгенде анамыз 10 жаста екен. Ал енді Елдес нағашым туралы білгенімді айтып

берейін. Елдес Омарұлы 1892 жылы Қожай аулында дүниеге келген, қазір ол жерде Соколв Сарыбай кен байыту басқармасына тиісілі Қоржынкөл кеніші жанындағы биік томпешікте ескі Қазыбай руының қорымы, сол қорымға Омар атамыз жерленген. Тағы бір есімде қалғаны Елдес бір айтса сол айтқанынан қайтпайды екен. Бір күні Омар атамыз Елдесті іздеп барады, барса үйінде бір сары шашты қыз жүрген көрінеді.

Атамыз: -Қарағым бұл кім?,- дейді.

-Әке мен осы қызға үйленемін!- депті, сонда атамыз: «Қазақ табылмады ма?» дегенде. «Онда алмаймын» депті. Атамыз: «жоқ, жоқ. Ал! Рұқсат»,- деген екен. Ол жүрген болашақ әйелі Эльза екен. Мамам: «Әке неге рұқсат бердің» дегенде: «Ай қарағым – ай, қалай рұқсат бермеймін, ол бір беткей ғой, өмірбақи қатынсыз өтуге бар ғой, сосын батамды бердім» дейді екен. Қазақ алса елге келер деген ой болған, бірақ баласының қайсар мінезін білген.

Сол кезде жұртың көбі Қытайға қашып кеткен заман ғой, нағашымызға қаш деген екен, бірақ ол кісі «бөтен елде сұлтан болғанша, өз елімде ұлтан боламын, қайда барсаңда бір өлім» деген. Анам, кейде қуанып отыратын, алла- алла деп әкем өлді, артында тұяғы да қалған жоқ, аты өшіп кетті, менің түрім мынау (демікпе аурымен оң жыл ауырды), бірақ алла асықпайды ғой, 1993 жылы маусым айында Елдес Омарұлының туғанына 100 жыл толуына Қайындыкөл аулында тойланып өтті, Белинский орта мектебіне Елдес Омаровтың атын берді. Елдестің досы Мыржақып Дулатовтың қызы Гүлнар апайды шақырып едік, ол кісі келе алмады, хат жазды, телеграмма жіберді. Онда былай деліген: «Дорогие родственники, добрые земляки примите по случаю 100-го Юбилея известного лингвиста Елдеса Омарова верного друга отца Мыржакыпа, отдавшие жизнь светлого будущего казахского народа» Гүлнар Дулатова. Анам ағасының ақталғанын естіді, жүз жыл тойына жетпей 1990 жылы қазан айында өмірден озды. 1983 жылы Елдес баламмен «Көктем» санаториіне бардық, сонда сұрастырып жазушы Ғабит Мүсіреповтың үйіне бардым, Елдес нағашым туралы сұрайын деп, қабыл алды, бірақ тіс жарып Елдес жайлы бір сөз де айтқан жоқ, атқаны «Мен ол кезде жас бала едім, естуім бар, бірақ білмеймін» деді, түсіндім айтқысы келген жоқ. Ол кезде нағашым ақталмаған, алда бес жыл бар еді....2002 жылы Елдестің туғанына 120 жылдық мерейтойына арналған Қайындыкөл аулында, Елдес Омаровтың атындағы орта мектепте іс- шара өтті, оған Алматыдан туысымыз Марат Шуақаев әдейі келіп, ас беріліп, құран бағышталды. Алпыс жылдан бері атын айтқызбай «жау» деп жарияланып, шығармаларын жұрттың назарынан жасырып, тек кітапханалардың жабық архивтерінде сақталғандықтан, қазіргі жас ұрпақ халқымыздың мақтанышы,

бетке ұстар атақты жазушы, ақын, ғалымдар: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров мұраларынан мүлде бейхабар болып келді. Оған кінәлі – Отанымызда 20-30 жылдары жасалған Сталиндік қатаң репрессия мен Голощекин тұсындағы зобалық саясат. Бұл тұста біздің де ондаған-жүздеген аяулы азаматтарымыз құрбандыққа шалынды. Соның бірі Қостанай жерінен шыққан аяулы Елдес еді. Зобалаң жылдары құрбан болса да еліне сіңірген еңбегі әлі де ескерусіз қалып келе жатыр. Бір мезгіл тарихқа көз жіберсек, сол ардақты аталарымыз 100 жыл бұрын бүгінгі тәуелсіз Қазақ елін құрмақ болған, өз алдына ешкімге тәуелсіз елдігімізді біз 1991 жылы ғана жетіп, 2016 жылы – 25 жыл тәуелсіздік күнін тойладық. Мен осы мінбені пайдаланып зиялы қауымнан сұраймын, жыл сайын Қостанай обласында талай мектеп салынып жатыр, сол бір жаңа мектепке Елдес Омаровтың атын берсе көп болмас деп ойлаймын, ал ол мектептің оқушылары еліміздің өз ана тілінде оқыса. Ауылдағы мектептің хәлі мүшкіл, балалар аз, ертең жабылып қалса, нағашымыздың тағы аты өшіп қалады ғой деп ойлаймын. Бүкіл өмірін туған еліне қызмет етуге арнап, ақыры сол жолда шейіт болған Елдес Омаровтың есімі ел жадынан өшпей, қастерлене берсе екен.

125 жыл Омарұлы Елдеске,

Ол кетсе де енді, міне, келмеске.

Ұрпағына еңбегі мен ғылымын

Өлмейтұғын сөз

Қалдырды емес пе?!

Менің бәріне алғысымды айта отырып, жастарға айтарым, еліміздің аяулы азаматтары болыңдар, әке – шешелеріңді сыйлаңдар, сендерге үлкен үміт артады ғой, жақсы бала әке мен шешесін төрге сүйрейді, ал жаман бала есікке деген, соны ұмытпаңдар, оқуды жақсы оқып, еліміздің белгілі азаматы болыңдар!

Міне, мұндай ұсыныстар мен хаттар назардан тыс қалмайды. Біз және біздің ұрпағымыз Елдес Омаров, Бәлдік Байтоғаев сынды ұлы тұлғаларды білулері қажет. Биылғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, бағалай отырып, жаңғырта дамытуға үндейтін, іргелі бағдарламалық бағыттағы құжат болып саналады. Біз әлі де жоғалтқанымызды тауып, тіліміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын діліміздің қазығын мықтап қазамыз деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. А.Кәкен. Алашордашылар./«Егемен Қазақстан». 14 мамыр.
2. Жакенова Қ. «Нағашым жайлы естеліктер». /Қойын дәптер. Ақпан.
3. Т. Жұртбаев.«Ұраным – Алаш».«Жұлдыз» журналында /№1,2010 жыл.
4. Шаяхмет, А. Ел - жұрты үшін еңіреген есіл ер: Елдес Омарұлы туралы. - Қостанай, 1997. - 38-46 б.